



«Әділет» партиясының көшбасшысы Мақсұт Нәрікбаев Қазақстанда «жоғарыдан» реформа болуы мүмкін деп есептейді. Партия әуелі әрекет үстіндегі Президенттің өкілеттілігін ұзарту туралы бүкілхалықтық референдумды, сонан соң кезектен тыс сайлауды бір ауыздан қолдады. Бірақ, өзінің үміткерлерін әділеттіліктер бұл «аламан жарысқа» ұсынбады, олар Нұрсұлтан Назарбаевты бірінші болып қолдады және алғашқы болып оны Жеңісімен құттықтады. Бүгін оның көшбасшысы «Әділет» газетімен өзінің ой-пікірімен бөлісті.

«ӘДІЛЕТ»

Дүние өзгермелі,

- Бүгінгі қалыптасқан ахуалды жаңа тарихтың бір үзіндісі ретінде қарауға болмайды. КСРО тарамай тұрып, 1984 жылы шыққан Натан Эйдельманның «Ресейдегі жоғарғы жақтың революциясы» кітабындағы тақырып әлі күнге дейін өзінің мазмұнын жойған жоқ. Горбачевтің «Қайта құруы» жоғарыдан жасалған төңкеріс болып табылады, біз мұндай төңкерістің бірнеше кезеңдерін бастан өткеріп келеміз. Жоғары жақтың төңкерісі бізде әу бастан кезең кезеңімен өтіп келеді. Тіпті төңкерістің кезекті кезеңіне жақындап келеміз десек те болады.

Сайлаудан кейін қоғамда референдум жөнінде бұрыс пікір тарап кетті. Бұған көптеген БАҚ-та жарияланған кереғар мақалалардың да септігі тигені даусыз.

Занды референдум мен демократиялы сайлау тең дәрежеде халық еріктілігінің маңызды формасы болып табылады. Референдум кейбір жағдайларда аса демократиялы және тұтас мақсатты болуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда сайлау пайдалы әрі тиімді болып табылады. Мен ойлаймын, өткен сайлау ерте белгілі ахуалда өткен сайлау болды деп, ал оның салыстырмалы құндылығы сонда ол көптеген партиялар мен үміткерлер үшін демократияның мектебі ретінде танылды.

Бір үміткердің экология мәселесіне, екінші үміткердің әлеуметтік мәселелерге, ал үшінші үміткердің барлық мәселені там тұмдап қозғағаны қоғамдық ой сана үшін пайдалы болып көрінгені рас.

Алайда, сайлаудың нәтижесі күні бұрын белгілі болған еді. Біз барлық үміткерлерді құрмет тұтамыз, бірақ Елбасы орынтағына іс жүзінде үкімет басшысы, бірнеше облыстарды басқарған әкім, министр лауазымдарында, ең дұрысы осы қызметтер баспалдақтарында өзінің бағын сынаған үміткер болуы тиіс деп ойлаймыз. Десем де, менің ойымша бұл тым жеткіліксіз. Қазір әлемде өтіп жатқан әрбір сәтті өзінің көз елегінен өткізбейтін бірден бір мемлекет жоқ деуге болмайды. Яғни елге кең ауқымды ой-пікірі қалыптасқан адамдар басшылық етуі тиіс. Тіпті президенттің командасында өзін өз ортасының көшбасшысы ретінде санайтын адамдар да бар. Өзге партияларда мұндай адамдар әзірге жоқтың қасы. Міне, Сізге сайлау... Өзге партиялардан көшбасшы дайындау тек көппартиялықты дамыту және олардың мемлекеттік органдар жүйесіне енуі жағдайында ғана болуы мүмкін. Әйтпесе сайлау әу бастағы белгілі қадамдармен өтеді немесе жағдай күтпеген жүйемен өрбуі мүмкін.

«Қазақстан 2020» коалициясына қатысушы ретінде «Әділет» партиясы еліміздің миллиондаған халқымен бірге іс басындағы Президенттің өкілеттілігін 2020 жылға дейін ұзарту жөніндегі референдумды қолдады. Бұл шешімді біз іс басындағы Президент, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының осы тарихи кезеңде көп ұлтты және көп дінді келісімді тұрақты дамытуды қамтамасыз ете алады және елімізді жаңғырту жолында қолға алған игілікті істерін аяқтайды деген сеніммен

қабылдаған болатынбыз. Біз іс басындағы Президенттің белгілеген реформалар мен дамыту бағдарламасын өзінің қатысуынсыз толық көлемде іске асыруы мүмкін еместігін түсіндік.

Ол мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу, осылайша 2010 жылы Астана қаласында өткен ОБСЕ нің желтоқсан саммитінде бірнеше рет атап айтқан демократиялық принциптерді үстем етуі жөніндегі шешімінен кейін біз оны толығымен қуаттадық. Сайлау кезінде біздің партия еліміздің өркендеуіне және бүкіл қоғам алдында беделге ие болуына қомақты үлес қосқан Елбасына қолдап дауыс берді. Сайлау науқаны кезінде біз халқымыздың Елбасы бағдарын мақұлдап тығыз топтасқандығына тағы көз жеткіздік. Өткен сайлау науқанының тәжірибесі алда өтетін парламент пен жергілікті өкілетті органдар сайлауында да өте қажет болады.

Мерзімінен бұрын өткен сайлау барысында Президент пен еліміз тарихи сәтті оны тездеті отырып қалт жібермеді. Президент халықтың басым қолдауын тапқан бастамаға ие. Шахмат терминологиясын ұтымды пайдалана отырып, дәлірек айтқанда саяси шахмат партиясында ақпен ойнап, бірінші боп жүрісті бастады.

Байкот жайына келсек, олар мұндай нәтижені күткен жоқ. Бұл жайында не айтуға болады? Еліміздің партиялық алқабы, оның ішінде саяси оппозиция құрылымдары қайта құрылуы керек, ешқандай саяси дағдарысты немесе бір ғаламатты күтудің қажеті жоқ.

Дүние өзгермелі, оның ағынына ерген соң әрекет етуің керек, әйтпесе ағысымен алып кетеді, кері қайтуы мүмкін емес. Саяси жаңғыртудың қажеттілігі жөнінде Елбасы «Нұр Отан» ХДП ның XIII - съезіндегі өз баяндамасында қадап айтты. Ұлықтау кезіндегі сөзінде де Елбасы:

« Біз өзіміздің қоғамды демократияландыруға бағытталған жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз. Парламенттің өкілеттігін кеңейту, Үкіметтің жауапкершілігін арттыру, сайлау үдерісі заңнамасын жетілдіру үшін ең оңтайлы шешімдер табуымыз керек. Биліктің орталықсыздануы, өңірлердің өкілеттерін көтеру үшін теңгерімді шешімдер табуымыз керек. Саяси мәдениетті де дамыту қажет. Жауапкершілігі бар және тәуелсіз БАҚ тар жүйесін дамытатын боламыз...» деді. Бұл бізді одан әрі қанаттандыра түседі. «Әділет» партиясы Президенттің өзінің өкілеттілігін ұзарту кезіндегі қызметін жақында елге жария еткен және қалың бұқараның назарына жеткен **«Әділеттіліктің ақ жолы»** саяси тұғырнамасын іске асыру бағытымен байланыстырады. Біз еліміз үшін аса қажетті өзгерістердің жақтаушысымыз және қолдаушысы болып қала береміз. Қазақстанда уақыттың қалауымен қоғамды жүйелі жаңғыртудың келесі кезеңі ретінде экономикалық, әлеуметтік және саяси алғышарттар жасалды (егер қажет деп тапсаңыз «жоғарыдан жасалған төңкеріс» деп атасаңыз да болады). Келесі президенттік мерзімде

Елбасы еліміздің экономикалық тәуелсіздігін нығайту үшін оны уақыт талабымен әлеуметтік және саяси дамытуда нақты қадамдар жасайтынына нық сенімдіміз.

Біздің қоғамда жаңа бастамалар мен адамдар, жаңа әлеуметтік жаңашылдық, тың күштер, нақты көппартиялық пен демократия қажет. Мұны тек қағаз жүзінде заңды түрде жазып қана қоймай, бүкіл қоғамды тарта отырып іске асыру керек. Әйткені, мемлекеттік машинаның техникасы ғана емес, бүкіл тетігі табиғи және моральдық жағынан тозуға айналды.

Бүгінгінің консерваторлары барлығы сол күйінде қалуы үшін, өзгерістер қажет дегенді әрдайым айтып келеді. Біздің елімізде нені сақтау, қорғау және нені консервация жасау қажеттілігінің бәрі бар. Біздің еліміздің тарихында өзіміз және келешек ұрпақ үшін жағымды жақтар да, құндылықтар да жетіп артылады.

Бірақ біздің қоғам жетілудің биік шыңына әлі жеткен жоқ, жеткен күнде біз айтар едік, бұдан артық шығатын шыңымыз қалмады, еңдеше дамудың осы сатысынан өзге баспалдақ жоқ, сондықтан оны қорғап, одан әрі сақтауымыз қажет деп.

Біз тұрақты эволюциялық дамуды жақтаймыз, бірақ бұл радикалды реформаларды жоққа шығара алмайды. Керісінше, жан жақты жетістікке жету үшін қажеттілерінің барлығын сақтауымыз және ой санаға жеткізуіміз қажет. Біз ұйқылы-ояу жасалынып жатқан әрекеттердің бәрін жоюымыз тиіс, рухани, адамгершілік құндылықтардың бұзылуына тосқауыл қойып, жалпы мемлекеттік мүдденің іргетасын ұлттық қауіпсіздікті, конституцияның мәртебесін, халықтың заң алдындағы теңдігін, оның тілін, ұлттық мәдениетін, балалардың, немере шөберелеріміздің келешегін қорғауымыз керек. Дені сау консерватизм дегеніміз осы. Оған осы құндылықтарды нығайтатын прогрессивті реформалар қарама қайшы келмейді. Сондықтан, біз елімізді алға жетелейтін салмақты, прогрессивті саяси жаңа құруларды, дені сау консерватизмнің маңызды компоненттерін одан әрі тұрақты және берік дамытуды қолдаймыз.

Мен Шарл де Голлдің «Реформаға иә, былықпайға жоқ» деген сөзін қайталағым келеді. Ең бастысы, реформа заңды негізде өткені абзал.

Жалпы заңнамалық өлшем мен біздің ерекшеліктеріміз, мүмкіндіктеріміз бен қажеттілігіміз үшін оңтайлы теңгерімшілікті ұсынар едім. Одан әрі саяси дамудың нұсқасын ойлап табу және азаматтық дамудың қарқастарын партиялық жүйені нығайту керек, оны кезең кезеңмен реформалау қажет. Негізінде келешекте екі үш ірі партиялық жүйені құру шарасын қабылдаған жөн. Әйткені, партиялармен ғана әзірлік жүргізіп, өзара тең көшбасшыларды ұсынуға болады. Бүгінде бар партиялар әлі де әлсіз. Бірақ бұл өтпелі шаралар мынадай екі жақты міндетті шешуге ықпал етер еді. Бүгінгі әлсіз саяси партияларды саяси процестерге қатыстыра отырып, олардың қатысуымен аса ірі және күшті саяси ойыншыларды шығаруға

ынталандыруға болады.

Бір бөлігінде алдағы уақытта ірі партиялармен бірге болуға болады. Өйтпейінше бір партияның монополиясын жеңу мүмкін емес. Десек те, екі-үш күшті партиямен алдағы уақытта бірге бола алмаймыз, оларды барының өзінен қайта құруымыз керек. Қазір қабылданып жатқан мемлекеттік шешімдердің сапасын, қоғамдық бақылауды көтеру үшін көп партиялылықты қамтамасыз етуіміз және ынталандыруымыз қажет. Бұл орайда парламенттің қайта сайлауын өткізуді еліміздің даму стратегиясының пайдасы үшін тездету қажеттігі туындап отыр. Депутаттар кезектен тыс сайлауды қолдау туралы бастама көтерді. Егер олар үшінші мәрте кезектен тыс мәжіліс сайлауын өткізу жөнінде бастама көтергенде, халық бір ауыздан қолдар еді.

сәйкес келетін заңды және ұйымдық шаралар қабылдау, оны жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан бөліп алу керек, жергілікті өзін өзі басқару органдарын қаржыландыру жайын да шешкен абзал.

Тұтас алғанда саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың нақты бәсекелестігі үшін қолайлы жағдай тудырған жөн. Парламент сайлауында сайлаушылардың ең кемі 1 пайыз дауысын жинаған саяси партиялардың ағымдағы қызметін жыл сайын қаржыландыруды енгізген дұрыс болар еді. Барлық партиялардың мемлекеттік БАҚ-қа тең және көпіді қолжетімділігін қамтамасыз ету керек. «Саяси партиялар туралы» заңға мемлекет тарапынан олардың қызметіне құқықтық мәртебесі мен көпідігі анықталған арнайы «Оппозиция туралы» тарау енгізу қажет. Партиялардың іріленуін заңды

азайтуды ұсынамыз. Парламентте саяси партияларға тең өкілдік, әділетті орын берілуі тиіс. Өту барерін екі баспалдақты етуге болады. Алдымен 5 пайызды алайық. Мәселен, 1-2 партия өтеді, оларға берілген депутаттық дауыс тең бөлінеді. Сонан соң екінші кезекте қалған депутаттық мандаттар 5 пайыз алмаған партиялар арасында өзара бөліске түседі. Одан қалған дауыстар 1 пайыздан жоғары ең кемі 5 пайыз алған партиялар арасында бөлінеді, жеңіске жеткен партияларға «сыйлық» ретінде берілмейді. Сонда тағы да 2-3 партияның өкілдері өтіп, нәтижесінде парламентте ең кемі 3-5 партияның өкілдері болар еді. Бұл тетікті егжей тегжейлі зерделеу қажет.

Мұндай тәсілді Елбасы тағайындайтын сенатқа да қолдануға болады.

2011 жылы әділ сайлау мен президенттік

ӨЗ ҰСТАНЫМЫНА БЕРІК

қалай да саяси реформа қажет

Саяси жаңғырту мәселесіне оралсақ... Ол үшін Конституциялық реформаны және ағымдағы заңнамаға сәйкес келетін реформаны дайындау, қоғамда талқылау және өткізу қажет. Ол демократияны одан әрі дамытуға, парламентті нығайтуға, бірыңғай мемлекеттік буындардың ұстамдылығы мен қарсы дәл салмағын жаңарту моделін қалыптастыруға, кейбіреуін орталықсыздандыруға, саяси партияларды, жергілікті өзін өзі басқаруды, адамдар мен азаматтардың құқығы мен

түрде ынталандырған жөн.

Қарапайым азаматтар мен барлық деңгейдегі шенеуніктердің санасына демократиялық қоғамның нормасы көппартиялық жүйенің дұрыстығын сіңіру қажет.

Сайлау заңнамасын өзгерту қажет. Бұл жөнінде ұлықтау рәсімі кезінде Елбасының өзі де айтып өтті. Біздің сайлау құқымыз бірнеше мәрте өзгеріске ұшырағанымен, әлі де бір партияның саяси монополизмін қорғау үрдісі сақталып отыр.

тағайындау арқылы парламент сенатында көппартиялық қалыптастыруға, сонан соң көппартиялық мәжілісті сайлауға болады.

Парламенттің өкілеттілігін кеңейту үшін конституциялық реформа жасау керек. Атқарушы басқару органдарын бақылау және кадр мәселелерін шешуде парламент пен мәслихаттардың өкілеттілігін көтеріп, мемлекеттік қаржылар мен кірістердің қозғалысына парламенттік бақылауды күшейту қажет.

Бұл үшін мемлекеттік жинақты бюджеттік құрамында ұлттық компаниялардың, даму институттары мен ұлттық қордың бюджеттерін қарап, бекіткен дұрыс. Құрамында депутаттар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен тұратын парламенттік тексеру жүргізетін арнайы комиссия құру керек, олардың мүшелеріне жеткілікті өкілеттік беріліп, құқықтары заңмен қорғалуы тиіс. Әрине, парламенттің мәртебесіне түзету енгізу өртүрлі шара емес, дегенмен оны енгізу уақыт талабы. Бұл көппартиялық парламент жасақтауға жасалған қадам болар еді.

Біз республикада журналистер мен редакторлардың тәуелсіздігін саяси кедергілерден көпідік беретін, қоғамдық БАҚ да қоғамдық тұрғыда басшылық ету тетігін қалыптастыратын қоғамдық телерадио хабарлары туралы заңның қабылдануын құптаймыз. Сот жүйесі, сот шешімдері әділ әрі тұнық, қоғамның сотқа деген сенімі мен нанымы таза болуы тиіс. Сондықтан өзгерістер сот жүйесін де айналып өтпеуі керек.

Соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс аралық округтік соттарды тағайындау қажет. Жергілікті басқару органдарының деңгейінде кейбір істерді шешу үшін әлемдік соттарды (билер соты) құрудың мезгілі пісіп жетілді. Адвокаттардың корпоративті ұйымдарын, өзін өзі басқаратын адвокатураның мәртебесін нығайту, сот процесінде адвокаттардың құқығы мен тәуелсіздігін дамыту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Сондай-ақ қоғам экономика саласын демократияландыруда қосымша шараларды қабылдау қажеттігін де талап етіп отыр. Бұл демократияландырудан әлеуметтік салада сырт қалмауы тиіс. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларына да басымдық бағыттар берілуі қажет. Адамдардың өмірлік сапасын жақсарту, әлеуметтік саланы биікке көтеру керек. Президенттің «халықтық капитализмді» қалыптастыру бағытын біз де толығымен қолдаймыз.

Консерваторлар жеткілікті, өрі уақытылы өзгерістерді қалайды. Тарихи жүрістерден тағылым алып, дамушы мемлекет пен қоғамның іргетасын нығайту еліміздің әрбір азаматының қастерлі борышы деп санаймын. Елбасының өзінің көздеген мақсаттары мен халықтың әл ауқатын жақсарту үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынына сенімдімін.

Шілдебай МАЛДЫБАЕВ
Астана қаласы



бостандық жүйесін, сот реформасының алға қарай жылжуын нығайтуға бағытталуы тиіс. Осы реформалардың жылдам интеллектуалдық жағынан өзірлеу адамдардың жұмысқа қабілеттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Соңғы жартыжылда Солтүстік Африка мен Араб жарты аралдарындағы мемлекеттерде болып жатқан оқиғалар экономика саласында ғана емес, саяси қоғамда да қалыптасып жатқан дағдарыстарды заңнамалық тұрғыда нығайтуды қажет ететіндігін көрсетті. Бұл орайда Елбасының дағдарысқа қарсы саяси тетіктерді іске асырудағы ұзақ мерзімді стратегиясын атап айтуға болады. Өзекті мәселелерді шешуде және оларды шенеуніктердің өктемдігінен арылтуда азаматтарды неғұрлым белсенді тарту үшін Еуропалық хартияға

Барлық сайлау комиссияларында көппартиялықтың мәртебесін шегелеп, сайлау процесінің барлық кезеңдерінде түрлі партиялардағы үміткерлердің көпіді тек құқығын нығайту, олардың парламенттік оппозициядағы құқықтық мәртебесін айқындау қажет. Салық төлеушілердің тиімсіз сайлауға ақшаны босқа шашуына және саяси жаңғыртуда «тасбақа жүріске» жол берудің қажеті жоқ. Әрине, бұл белгілі бір уақытты қажет етеді, есесіне аса тиімді, жаңа тәртіптегі парламент қалыптастыру жолы ашылады. Ертең немесе оның ертесіне ешбір дайындықсыз кезектен тыс парламент сайлауын өткізу ақылға сиымсыз нәрсе болып шығады, себебі тағы да сол таптаурын әдісті қолданамыз. Сонымен бірге біз саяси партиялардың мәжіліске 1 пайызға дейін өту өтпелігін